

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

(білім беру ұйымының атауы)

**Орта білім беру ұйымдарына арналған**

**ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы**

№ 3 20 22 жылғы "29" қараша

Төрайым: Смаилова Саягуль Канатовна

Хатшы: Табиғатқызы Толқын

Қатысқандар: 33 (тізім қоса тігіледі)

**Күн тәртібі**

1. «Оқыту процесінде белсенді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану арқылы сапалы сабақ жүргізу»
2. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңын іске асыру бойынша мектеп жұмысы
3. Алгебра, физика, химия пәндерінің жүргізілу нәтижесі
4. 5,6 сынып оқушыларның оқу жылдамдығының нәтижесі
5. Функционалдық сауаттылықты дамыту
6. Оқушылардың 1 тоқсандағы үлгерімі. Стандарттың орындалуы. БЖБ, ТЖБ талдау қорытындысы. Пәндер модерациясының жұмысы

Отырыс барысы

**Тыңдалды:**

Ең алдымен мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Смаилова С.Қ. 2022 жылдың 31 қазанында өткен №2 ӘК қаулысының орындалуы туралы есепке тоқталды. №2 ӘК отырысының шешіміне сәйкес электронды журналды жүргізу күнделікті бақылауда болды, сабақта ФБ қою, үлгерімі төмен оқушылармен сабақта жұмыс жүргізу, 1,5 сыныптардың сабақтарына қатысып олардың бейімделуін бақылау, сабақта оқушылардың функционалдық сауаттылығын бақылау жұмыстары жүргізілді.

Бірінші сұрақ бойынша бастауыш сынып мұғалімі М.Н.Кункенова «Оқыту процесінде белсенді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану арқылы сапалы сабақ жүргізу» тақырыбында баяндама оқып, іс – тәжірибесімен бөлісті. «Қазіргі кезеңде білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Өйткені, мектептің әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы. Сабақ барысында білім алушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы». «Сыни тұрғысынан ойлау» ұғымын белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол

идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаралар орындалуы шарт:

сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;

білім алушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;

әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;

білім алушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;

сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни, стратегияларында. Стратегия дегеніміз – әдістемелік ұстаным. Мұғалім мен білім алушы кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ. СТО технологиясын пайдалана отырып, сабақ құрылымын жоспарлауға шығармашылықпен қарау, әдістемелік лабораторияны жинақтау секілді мүмкіндіктерге қол жеткіздім» деп атап өтті М.Н. Кункенова.

### **Сөз сөйлегендер:**

Альмагамбеотова С.Ж. – Сабақтарды қызғылықты етіп өткізу үшін үнемі оқушылардың сабақтан жақсы әсер алуына байланысты инновациялық технологияны қолдану қажет. Әдістемелік оқу құралы оқушыларға қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік ой-пікірін жеткізе білетін ынталы сенімді болуды қалыптастырады.

### **Қаулы етеді:**

#### Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сапалы сабақ өткізу үшін сабақты жоспарлауда әдіс – тәсілдерді тиімді таңдау;

2. Пән бойынша білім сапасын арттыру үшін сапалы сабақ жүргізу;

№2 сұрақ бойынша Кункенов С.С. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңын іске асыру бойынша мектеп жұмысының есебін берді. 2022 – 2023 оқу жылында «ҚР Тілдер туралы» Заңын орындаудың мектепішілік жоспары құрылып бекітілген; Мектепішілік жоспар бойынша әр дүйсенбі сайын саптық жиындарда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны мемлекеттік тілде орындалады; «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының іске асыру бойынша Заңнаманы сақтау шеңберінде мектебіміздегі көрнекті ақпараттар, маңдайшалар, стенд мәтіндерінің рәсімделуіне, іс-шаралар екі тілде жүргізуде. Деректемелер мен көрнекі ақпараттар тілі «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21- бабына сай талаптармен орындалған.

Мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаты – мемлекеттік тілдің қолдану ясына кеңейтуді қамтамасыз ету мақсатында Білім мекемесінде іс- қағаздар жүргізу мемлекеттік тілге көшірілуде. Іс – қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізу үшін нормативтік құжаттар басшылыққа алынды. Қазақстан

Республикасының «Тіл туралы» №151-1 Заңын, «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 13 қаңтардағы «Жалпы білім беру мектептерінде мектепшілік құжаттаманы жүргізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы» №19 бұйрығын басшылыққа ала отырып іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу жұмысы бақылауға алынған. Мектептегі стендтер, кабинеттер маңдайшалары, кабинеттердегі қабырға стендтері де екі тілде рәсімделеді. Қабылдау бөлмесінде іс қағаздарының үлгілері де бір тілде берілген. Мектеп бойынша іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу мәселесі директордың жанындағы кеңесте жыл сайын қаралады. Мектеп әкімшілігі тарапынан іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге жағдай жасалған, аудармашы жеке компьютерде жұмыс істейді. Мектеп бойынша құжаттарды мемлекеттік тілде рәсімделу жұмысы жоспар бойынша іске асуда. Іс қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізу – мемлекеттік тілді қолдану мен дамытудағы ең өзекті мәселелерінің бірі. Күнделікті жұмыста аудандық білім беру бөлімінен, басқа құзырлы мекемелерден мемлекеттік тілде түскен құжаттарға, ақпараттық материалдарға, хат – хабарларға байланысты анықтамалар, жауаптар мемлекеттік тілде жіберіледі. Мемлекеттік тілді дамыту және қолдану аясын кеңейту бағытында жоспар бойынша келесі жұмыстар жүргізілуде: Педагог кадрлардың жеке еңбек шарты, бұйрықтар кітабы, алфавиттік кітап, сынып журналының беттері, оқушылардың табельдері, педагогикалық кеңестерінің, директордың жанандағы отырыстардың, әдістемелік отырыстардың хаттамалары, кіріс, шығыс құжаттары, мектеп сайты екі тілде жүргізіледі.

### **Сөз сөйлегендер:**

Табиғатқызы Т. – Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін тереңдетіп оқытуға және сабақтан тыс уақыттарда қолдана білуге жағдай туғызу. Аудандық, облыстық мақсатты байқаулардың және жарыстардың, балалар және ересектер қоғамдастығының көлемін ұлғайту керек.

### **Қаулы етеді:**

#### Аталған мәселе бойынша шешім

1. Тілдер туралы Заңының сақталуын қамтамасыз ету;
2. Сабақтан тыс іс-әрекеттерді ұйымдастыру;
3. Мақсатты байқауларға жүйелі қатысу;
4. Іс-қағаздардың екі тілде жүргізуді жалғастыру;
5. Мектептің безендіруін екі тілде жүргізуді жалғастыру;

Үшінші сұрақ бойынша С.К. Смаилова Алгебра, физика, химия пәндерінің жүргізілу нәтижесіне тоқталды. 2022 жылдың қазан айында 7 сыныптарда алгебра, физика және химия пәндерін оқыту жағдайы бақыланды. Бақылау барысында аталған сыныптардың сабақтарына қатысу жүргізілді. Сабақтарға қатысу қорытындысы бойынша анықтама жасалды.

Сабаққа қатысу барысында сабақ мақсаттары оқу мақсаттары негізінде құрылатыны байқалды. Сабақ мақсатын және күтілетін нәтижені қоюға оқушылар үнемі тартыла бермейтіні де анықталды, кейбір сабақтарда сабақ

мақсаты мүлдем қойылмайды. Алгебра сабақтарында алдыңғы сабақтағы формулалар мен ережелерді қайталай отырып жаңа сабақтар түсіндіріледі және бекіту есептері шығарылады. Бірақ сабақ қызықсыз тек есеп шығарумен ғана шектеледі. Төмен оқитын оқушылармен қосымша жұмыс қарастырылмаған. Қалыптастырушы бағалау жүргізу үшін арнайы тапсырмалар берілмейді. ҚБ сабаққа қатысу бойынша ғана қойылады. Химия сабақтарында оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға, қабілеттерін дамытуға арналған арнайы тапсырмалар жүргізіледі.

#### **Сөз сөйлегендер:**

Дүйсенбаева Л. – 7 сыныптардың жаңадан енген пәндерге қызығушылығы өте мол. Сол себепті оқушылардың белсенділігін түсірмеу үшін сабақты өткізу сапасына назар аудару керек.

#### **Қаулы етеді:**

##### Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сабақта белсенді әдіс – тәсілдерді кеңінен қолдану;
2. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру жұмыстарын жүргізу;
3. Қалыптастырушы бағалауға арнайы тапсырмалар берілуі қажет.

Төртінші сұрақ бойынша С.К. Смаилова 5,6 сынып оқушыларының оқу жылдамдығының нәтижесіне тоқталды. Оқушылардың оқу тәсілдері, сөздерді оқу дұрыстығы, шапшаңдығы, оқыған мәтінді түсіну деңгейлері бақыflanған болатын. Нәтижесі бойынша анықтама жасалған.

#### **Сөз сөйлегендер:**

Канафина Г.Ж. – оқушылардың оқу жылдамдығы орта буынға келгенде әдебиет, тарих сияқты пәндерді меңгеруіне көп әсер етеді. Мәтінді жылдам оқып ештеңе түсінбейтін оқушылар көп кездеседі. Сол себепті оқу барысында мәтіннің мазмұнын түсінуіне көңіл бөлу керек.

#### **Қаулы етеді:**

##### Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мәтінді оқығанда тек шапшаңдығын ғана емес, мәтінді түсіну деңгейін қамтамасыз ету керек;
2. Оқушылардың көркем- әдеби шығармалар оқуын ұйымдастыру;

Бесінші сұрақ бойынша сұрақ бойынша С.К. Смаилова 14 қараша күні бастауыш мектепте функционалды сауаттылықты дамытудың деңгейін анықтау мақсатында 3,4 сынып оқушыларынан оқу деңгейін анықтау тестісі өткізілді. Аталған бақылаудың қорытындысымен таныстырды, ұсыныстар берілді. Мұғалімдер өз ойларымен бөлісті.

#### **Сөз сөйлегендер:**

Табиғатқызы Т. – Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті - мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

#### **Қаулы етеді:**

##### Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сабақта оқушылардың сұрақтарды мұқият түсініп оқуды ескеру, яғни оқу сауаттылығына көңіл бөлу;
2. Оқушылардың жазу сауаттылығына назар аудару;

Алтыншы сұрақ бойынша сұрақ бойынша С.К. Смаилова оқушылардың 1 тоқсандағы үлгерімі. Стандарттың орындалуы. БЖБ, ТЖБ талдау қорытындысы. Пәндер модерациясының жұмысы бойынша есеп берді. Сыныптардың білім сапасының 2021-2022 жылдық және 2022-2023 оқу жылының 1 тоқсан бойынша жоғарылауы мен төмендеуі туралы есеп берді. 1 тоқсанның мектеп бойынша білім сапасы 53,9% құрады. Пән бойынша білім беру стандарты 1 тоқсанда 100% орындалды. Пәндер бойынша БЖБ, ТЖБ талдау қорытындысының модерациялық топ мүшелерінің отырысы өткізілді. Барлық пәндер бойынша модерация өткізілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығы 22 тармағы негізінде модерация тек даулы мәселелер туындаған жағдайда ғана өткізіледі.

#### **Сөз сөйлегендер:**

Канафина Г.Ж. – БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын құрастыруда оқушылардың деңгейіне қарай берілуі керек. Кейбір мұғалімдер дайын БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын алып оқушылардың білім сапасына кері әсер етеді.

#### **Қаулы етеді:**

##### Аталған мәселе бойынша шешім

1. Оқушылардың білім сапасын 2 тоқсандағыдан арттыру, 3 тоқсандағы білім беру стандартының орындалуын бақылау.
2. БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын құрастыруда жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.

ӘК төрайымы:  Смаилова С.К.

Хатшы:  Табиғатқызы Т.

**«Олжабай батыр ауылының жалпы орта  
білім беретін мектебі» КММ-педагогикалық қызметкерлер тізімі**

№	Аты – жөні	Қызметі
1	Назарбекова Сауле Ануарбековна	Мектеп директоры
2	Смаилова Саягуль Канатовна	Оқу ісі жөн. орынбасар
3	Серғазы Жадыра	Тәрбие ісі жөн. орынбасар
4	Шайкенова Н.Р	Мұғалім
5	Дүйсенбаева Лира	Мұғалім
6	Альмаганбетова Сания Жолдангаровна	Мұғалім
7	Акишев Куат Калдыбаевич	Мұғалім
8	Дукенбаева Нуржамал Ергалиевна	Мұғалім
9	Канафина Гульнур Жолдыбековна	Мұғалім
10	Асқар Ергали	Мұғалім
11	Ажыхан Есенжан	Мұғалім
12	Кокумбаев Канат Елюкенович	Мұғалім
13	Хужин Азамат Наирович	Мұғалім
14	Сайлаухан Батыржан	Мұғалім
15	Кункенов Сунқарбек Сламбекович	Мұғалім
16	Хауай Рысгуль	Мұғалім
17	Кункенова Майкен Назымбековна	Мұғалім
18	Хожабай Балжан	Мұғалім
19	Дүйсенбаев Мухаметғали Темирбаевич	Мұғалім
20	Кункенова Гульмира Абайевна	Мұғалім
21	Байғабыл Тилеубек	Мұғалім
22	Кабдышева Айнұр Канатовна	Мұғалім
23	Умурзакова Гульдана Қайратовна	Мұғалім
24	Табиғатқызы Толқын	Мұғалім
25	Естай Айкумис	Мұғалім
26	Алеш Айгуль	Мұғалім
27	Жагипарова С.Т.	Мұғалім
28	Асылбек А.	Мұғалім
29	Мухитова Н.Б.	Мұғалім
30	Хуат А.	Мұғалім
31	Ракыш Б.	Мұғалім
32	Шамшитова Шамшия Асылхановна	Тәлімгер
33	Джаббарбергенова С.Д.	Мұғалім